

**«Бір тұтас тәрбие»** бағдарламасы аясында өткізген  
I жартыжылдықта атқарылған іс- шаралар  
**есебі**

Жаңартылған «**Біртұтас тәрбие**» бағдарламасын іске асыру және тәрбие жұмысына кіріктіру алгоритмімен таныстыру мақсатында 2024-2025 оқу жылының алғашқы сынып жетекшілер отырысы өткізілді. Сынып жетекшілерге бағдарлама таныстырылды, бірлесе отырып жылдық жоспар

әзірленді.



«**Біртұтас тәрбие**» бағдарламасы аясында «**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**» айы негізінде бірінші қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім мейірім мекені » – 1 сыныпқа арналған алғашқы қоңырау салтанаты өткізілді. Салтанатты жиынға мектеп оқушылар мен ұстаздар және ата-аналар қатысты. Жиын мектептің алдында өткізілді. Биыл бірінші сынып табалдырығын 12 оқушы аттады. Оның 3 оқушысы орыс сыныбынан. Оқушылар тақпақ айтты, флешмоб биледі. Мектеп басшысы мектеп табалдырығын жаңа аттап жатқан бүлдіршіндерге құттықтау сөзін айтып, оқушыларды жаға оқу жылымен құттықтай келе, ауданнан келген мадақтамамен мұғалімдерді марапаттады.



2024-2025 оқу жылының басталуына арналған 2 қыркүйек күні «Мектебім мейірім мекені » тақырыбында өткізілетін бірыңғай сынып сағаты ұйымдастырылды. Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың

рөлін талқылауға басты назар аударылады.

Өткізу ұзақтығы жарты сағат.

Сынып сағатының негізгі мақсаты: Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.



Қараөзек ЖОББМ мекемесінде 0-11 сыныптар арасында «**Біз денсаулық үшін !**» атты денсаулық күні аталып өтті.

**Іс-шараның мақсаты:** жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру, денесін шыдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу. Мектептегі

барлық оқушылар белсене ат салысты. Дене шынықтыру мұғалімдері оқушыларға түрлі спорттық ойындар ойнатты. Анрайы спорттық бағдарлама құрылып, сол бойынша жұмыс атқарылды.



Аудандық асық атудан мектептің құрама командасы жүлдеді ІІ орынға ие болды.



Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары негізінде «Уақытты басқару және өзін өзі ұйымдастыру» тақырыбында жаңа оқу жылындағы алғашқы ата аналар жиналысы өтті. Ата аналармен психологиялық тренингтер өткізілді, күн тәртібіне сәйкес мектептің ішкі тәртібі мен мектеп формасы туралы да ақпарат берілді.



«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету мақсатында «Отбасым бақыт мекенім» атты мектепшілік челлендж ұйымдастырылды.



«Біртұғас тәрбие» бағдарламасы негізінде апта сайын « Менің Қазақстаным» әнұран орындады.



Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету мақсатында ҚР Тілдер онкүндігі өткізілді. Іс шара аясында сыныптан тыс іс шаралар мен ашық сабақтар ұйымдастырылды, үзіліс уақытында қызықты ойындар өткізілді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мемлекеттік тіл мәртебең» атты кітапхана сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушылардың мемлекеттік тілдің өркендеп оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйуге, мемлекеттік тілді дамыту, мәртебесін биік ұстау жөнінде салт дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу. Аталған кітапхана сағатына бастауыш сынып оқушылары белсене ат салыты.



«Төрт тоқсан, төрт өнер» жобасы аясында ақындар айтысы бойынша 7-8 сыныптарға арналған ақпараттық таныстырылым ұйымдастырылды.



Бастауыш сыныптар « Алтын күз» мерекесін орманда таза ауада өткізді. Мектептің өзін өзі басқару ұйымы бастауыш сынып оқушыларымен орманға барып, күз мерекесіне орай түрлі ойындар мен сайыстар ұйымдастырылды.



Жоғарғы сыныптарда күз мерекесі кешкі уақытта басталды. «Күз ханшайымы» өткізілді. Аталған сайысқа 8-11 сынып оқушылары қатысты. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Қатысушылар күзгі сін үлгісін көрсетті барлық қатысушылар қолдан киіп тігіп келді. Әділ қазылардың шешімі бойынша «Күз ханшайымы» атағына 8 сынып оқушысы Хуат Айгерім иеленді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақты тәриелеу мақсатында парасат сағаты өткізілді.

Аталған іс шараға 7-8 сынып оқушылары қатысты.



Күз мерекесіне орай «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 5-7 сыныптар арасында «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды.



**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акциясы аясында мектеп ауласындағы ағаштарды қоқыстан тазарту мақсатында мектеп ұжымы мен оқушылар таза бейсенбілікке шықты.



Сынып жетекшілер бекітілген сынып сағатына қатысу графигіне байланысты әр дүйсенбі күні сынып сағаттары тұрақты өткізіліп отырды. Қыркүйек айының соңғы аптасында барлық сыныптарда «Еңбек күні» тақырыбында біріңғай сынып сағаттары өткізілді.





## ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

«Бала қауіпсіздігі -қоғам келешегі» атты мектепшілік ата аналар жиналысы өткізілді. Тәрбие ісінің меңгерушілері қазіргі әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар туралы ата аналарға ақпарат берді. Мектеп психологы Ерболат Шағуан ата атаналарға арналған тренинг ұйымдастырды.



Қарттар күніне орай ұйымдастырылған « Қарттар- біздің асыл қазынамыз» атты мерекелік концерт өткізілді. Іс шараға мектептің өзін өзі басқару ұйымы мен мектеп оқушылар ат салысты. Концерт барысында қарттарға арналған қызықты ойындар өткізілді сомен қоса асханада тәтті шай берілді.



Мұғалімдер күніне орай ұйымдастырылған «Даналық ұстаздан» челленджі өткізілді. Аталған челленджге 9 сынып оқушылар Елеш Нұрғиса мен Ержан Жансая қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DAqMXAxoWWb/?igsh=NWNhbjY2dGJoMW43>

Мектептің өзін өзі басқару ұйымы мұғалімдер мерекесіне орай «Рахмет, саған ұстазым» атты дублер күні мен мерекелік іс шара өткізді. Дублер күні оқушылар сабақ берді, 11 сынып оқушылары ұстаздарға арналған шағын тренингтер мен қызықты ойындар соңы мерекелік концертпен аяқтады.

<https://www.instagram.com/reel/DAsrSZ6I6fo/?igsh=c2tuMGd2eGVoeXg0>

[https://www.instagram.com/reel/DAs70l5I1\\_V/?igsh=ZHJnd2pkd3JuNWJ5](https://www.instagram.com/reel/DAs70l5I1_V/?igsh=ZHJnd2pkd3JuNWJ5)

Қазан айы бойынша сынып сағаттары тұрақты өткізілді.



Музыка және көркем еңбек онкүндігі өтті. Онкүндіктің мақсаты: оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, қиялын, қол ептіліктерін дамыту. Апталық жоспар құрылды. Сол жоспар негізінде іс шаралар өткізіліп мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланып отырды.



Білім беру ұйымдары арасында өткен аудандық волейбол жарысынан мектебіміздің ұстаздары жүлделі I орынға ие болды.



«Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасы аясында 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық тоғызқұмалақ жарысына мектебіміз жүлделі II орынға ие болды.



«Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени- ағартушылық жобасы аясында

аудандық, облыстық айтыс жүлдегері ауылымыздың ақыны Хавылхан Елеш және оның шәкірттері республикалық ақындар айтысының жүлдегері Елешұлы Нұрғиса, облыстық ақындар айтысының жүлдегері Қызырбекұлы Сырыммен кездесу өткізілді. Оқушылармен сұхбаттасып өз ойларын ортаға салды. Оқушылар өз туындыларын оқыды, шағын айтыс өнерін көрсетті.



«Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасы аясында 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық бес асық жарысына мектебіміз жүлделі ІІІ орынға ие болды.



« Қоғамға қызмет ету» волонтирлық қызметі 6 сынып оқушыларымен ардагер

ұстаздарға көмектесті.



Республика күніне арналған мектепшілік жоспар бекітіліп, сол жоспар негізінде «Республикам мақтанышым» сынып сағаттары өткізілді, «Патриотизм дауысы» біріңғай әнұран орындалды, «Еңсесі биік ел Егемен» мәнеплек оқу сайысы сонымен қоса ұжым арасында «Көңілді старт» ұйымдастырылды.



Қараша «Әділдік және Жауапкершілік» айы негізінде айлық жоспар құрылып, жұмыс жасалды. Сынып сағаттары мен мектепшілік өзін өзі басқару ұйымы ұйымдастырылған акциялар өткізілді. Мектеп ұланбасы Хуандых Елмира мен Улатай Ислам республикалық «Өркен» институты ұйымдастырылған «Қауіпсіз интернет» байқауына қатысып жүлделі ІІ орынға ие юолса, мектеп психологы Ерболат Шағуан мен Бағзи Арай, Съезхан Арайлым І орынға ие болды.



«Шабьт» жобасы аясында «Екі жұлдыз» ән байқауы ұйымдастырылды. Алғашқы кезең еркін тақырыпта өтті.



«Смарт бала» жобасы аясында оқушылар арасында “ START UP” байқауы ұйымдастырылды.



25қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Зорлық зомбылықсыз 16күн» республикалық акция негізінде мектепшілік іс шара жоспары құрылды. Әр сыныпта сынып сағаттары мен сыныптың жиналысы өткізілді. Өзін өзі басқару ұйымының мүшелері мектепте түрлі акциялар ұйымдастырылды. Ақпараттық стенд безендірілді.

<https://www.instagram.com/reel/DC3gdVVNjhy/?igsh=MWo3MTBsaGttY2FnNA==>

<https://www.instagram.com/reel/DC5yWnstyWd/?igsh=Nzd3ZTA1Y3BqcGt0>

<https://www.instagram.com/reel/DC6Ufh8tehR/?igsh=MWI4YjA3dnJtY2FtNw==>

<https://www.instagram.com/p/DC9AGVottgh/?igsh=MXQyYmkzdmF1YTBtZA==>

Желтоқсан «Бірлік және Ынтымақ» айы негізінде аптылық жоспар бекітілді.

Желтоқсан «Бірлік және Ынтымақ» айы негізінде сынып сағатына қатысу кестесі мен «Менің елім Қазақстан» атты тәуелсіздік күніне арналған іс шара жоспары бекітілді. «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» бірінғай сынып сағаттары өткізілді. «Тәуелсіз елдің ұланымыз» бастауыш сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.



5-10 сынып оқушыларына арналған ұлттық ойынды насихаттар мақсатында «Тоғызқұмалақ» ойыны өткізілді. Ойын өте қызықты өтті.



«Менің елім Қазақстан» тарих апталығының жабылуы мен тәуелсіздік күніне арналған салтанатты сап түзеу өткізілді. Іс шарада оқушылар көріністері көрсетті, туған жер туралы өлең шумақтары оқылды.



Есірткі және нашақорлықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларына «Закладка» деректі фильмі көрсетілді.

